

**Дәріс № 13.** Консерві кәсіпорнының экономикалық тиімділік көрсеткіштерін есептеу. Консерві кәсіпорнының негізгі технико-экономикалық көрсеткіштерін (пайда, қор қайтарымы, жалпы рентабельділік, т.с.с. ) есептеу

**Дәріс жоспары:**

1. Еңбек өнімділігін есептеу
2. Күрделі қаржы көлемін есептеу
3. Пайда, жалпы рентабельділік, жыл қайтарылымын есептеу
4. Негізгі технико-экономикалық көрсеткіштер

**Тауарлы өнім көлемі**

№	Өнімнің түрі	Өндірістік бағдарлама, мшб	Өткізу бағасы, мшб/мың тг	Тауарлы өнімнің көлемі, мың тг
1	Жұмсағымен қант қосылған қызылша шырыны (850 тг)	1500	400	510 000

1. Еңбек өнімділігі

Натурал түрде:  $E_n = \frac{\text{өнд.бағд}}{\text{адам}} = \frac{1500}{20} = 75 \text{ мшб/адам}$

Құнды түрде:  $E_k = \frac{\text{тауарлы өнім көлемі}}{\text{адам}} = \frac{510\,000}{20} = 25\,500 \text{ мың тг/адам}$

немесе 2 550 000 тг/адам.

2. Айналмалы қор толық өзіндік құнның 10% - нен тұрады:

$$T_{\text{ө.к.}} \times 0,1 = 446\,174,93 \times 0,1 = 44\,617,493 \text{ мың теңге}$$

3. Күрделі қаржы көлемі 1мшб өнімге – 100 мың теңге

$$\text{ӨНД БАҒД} \times 100 = 1500 \times 100 = 150\,000 \text{ мың теңге}$$

4. Негізгі қор күрделі қаржыдан 6 – 10% - ды алып тастағанға тең:

$$150\,000 - 15\,000 = 135\,000 \text{ мың теңге}$$

Оның ішінде

– құрылыс монтаж жұмысы 70%

$$135\,000 \times 0,7 = 94\,500 \text{ мың теңге}$$

- құрал жабдықтарға 28%

$$135\,000 \times 0,28 = 37\,800 \text{ мың теңге}$$

- амортизация қорын есептеу үшін: құрылыс монтаж жұмысының

2,8% аламыз:

$$94\,500 \times 0,028 = 2\,646 \text{ мың теңге}$$

5. Қор қайтарымы: тауарлы өнім көлемін негізгі қорға бөлу арқылы анықталады:

$$K_k = \frac{510\,000}{135\,000} = 3,8$$

6. Пайда  $\Pi =$  тауарлы өнім – толық өзіндік құн;  
 $\Pi = 510\,000 - 446\,174,93 = 63\,825,07$  мың теңге

7. Жалпы рентабельділік, %

$$Ж_p = \frac{\text{пайда} \times 100}{\text{негізгі қор} + \text{айнал. қор}} = \frac{63\,825,07 \times 100}{135\,000 + 446\,174,93} = 35,5\%$$

8. Жыл қайтарылымы  $Ж_к = \frac{\text{күрделі қаржы}}{\text{пайда}} = \frac{150\,000}{63\,825,07} = 2,3$  ай

№22-кесте. Негізгі технико-экономикалық көрсеткіштер

№	Негізгі көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Нәтижесі
1	Натурал өнім	мшб	1500
2	Тауарлы өнім	мың теңге	510 000
3	Еңбек өнімділігі		
	А) Натурал түрде	мшб/адам	75
	Б) Құнды түрде	мың тг/адам	25 500
4	Еңбек ақы қоры	мың теңге	5805
5	Негізгі жұмысшылар саны	адам	20
6	Толық өзіндік құны	мың теңге	446174,93
7	Пайда	мың теңге	63 825,07
8	Жалпы рентабельділік	%	35,5
9	Жыл қайтарымы	Жыл, ай	2,3

Бақылау сұрақтары:

1. Еңбек өнімділігін натурал және құнды түрде анықтау
2. Консерві зауыттарындағы күрделі қаржы көлемі қалай анықталады?
3. Пайда, жалпы рентабельділік, жыл қайтарылымын есептеу жолдары
4. Негізгі технико-экономикалық көрсеткіштерді сипаттау